Р.Б. ТАПАЛОВА
Н.Б. МЕРГЕМБАЕВА

# СОТ САРАПТАМАСЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР



Оқу-тәжірибелік құралы

ӘОЖ 340.624.3
КБЖ 67.9
Т 189

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**
заң ғылымдарының кандидаты, доцент ***Н.С. Темирболат***
заң ғылымдарының кандидаты, доцент ***П.Ә. Әлмағанбетов***
заң ғылымдарының кандидаты, доцент ***К.А. Мушатова***

**Тапалова Р.Б., Мергембаева Н.Б.**
Т 189 Сот сараптамасы бойынша есептер: оқу-тәжірибелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 204 б.

**ISBN 978–601–247–994–2**

Бұл кітапта арнайы білімнің сот сараптамасы нысанындағы сот өндірісінде қолданудың негізгі жағдайларын, оның ішінде сот сараптаманың кластары мен түрлерін, ҚР сот сараптама органдары, сараптаманы тағайындаудың тәртібі мен заңды негіздерін және сарапшы қорытындыларының дәлелдеу поцесіндегі орны сияқты мәселелер қарастырылады.
Жалпы сот сараптамасына арналған оқу-тәжірибелік құралы заң факультетінің студенттеріне, магистранттарға, колледж оқушыларына, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған.

**ӘОЖ 340.624.3**
**КБЖ 67.9**

ISBN 978–601–247–994–2

© Тапалова Р.Б., Мергембаева Н.Б., 2013
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

# КІРІСПЕ

Сот сараптаманың азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық саласында пайдаланудың маңыздылығы жыл санап өсуде. Әсіресе сот сараптамасы қылмыстық құқық саласында, қылмыстық істерді тергеу және ашу кезінде арнаулы білімді қолданудың қажеттілігі туындағанда орын алады. ҚР «Сот сараптамасы туралы» Заңы ең алғаш рет 1997 жылы қабылданған. Кейін 2010 жылы 20 қаңтарда бірқатар өзгерістері мен толықтырулары бар «Сараптамалық қызмет туралы» Заңы қабылданды. Аталған заң және бірқатар құқықтық нормативті актілер сот-сараптамалық қызметтің қатынастарын реттейді.

«Сот сараптама» пәні, ең алдымен, арнайы білімнің сот сараптама нысанындағы сот өндірісінде қолданудың негізгі жағдайларын, оның ішінде сот сараптаманың кластары мен түрлерін, ҚР сот сараптама органдары, сараптаманы тағайындаудың тәртібі мен заңды негіздерін және сарапшы қорытындыларының дәлелдеу процесіндегі орны сияқты мәселелерді студенттерге оқытуды мақсат етеді.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін, студенттердің арнайы білімді қолдануға қатысты тәжірибелік дағдыларын жетілдіру қажет. Ол үшін студенттер әртүрлі сараптамаларды тағайындау туралы қаулыларды толтыру, сарапшылардың қорытындыларын анализдеп талдау және берілген фабулаларға сәйкес есептерді шығару қажет.

Аталған оқу әдістемесі келесі сызба бойынша құрастырылған: ең алдымен, жеке сараптамалар бойынша сабақтардың мақсаты мен жоспарлары берілген, сол сияқты бақылау сұрақтары және фабулаларға қатысты есептер құрастырылған. Бұл есептер бойынша студенттер қаулы немесе ұйғарым толтыруы қажет. Бірнеше есепті алдын ала ауызша шығарып, фабуланы қарастыру кезінде соттың, прокурордың және тергеушінің болжауларын тексеріп, қандай сараптаманы тағайындау қажеттілігін, нендей

сұрақтарды қаулы немесе ұйғарымда көрсету және қай материалдарды сараптамаға жіберу керектігін анықтау болып табылады.

Есептерді оқу процесінде лабораториялық және СӨЖ сабақтарында қолдануға болады. Сонымен қатар, оқу әдістемесінде сот сараптамасын тағайындау туралы қаулылар мен ұйғарымдардың үлгілері көрсетілген. Студенттерге тапсырма ретінде, аталған процесуалды құжаттардың ҚР ҚІЖК 242,245,246 баптары, ҚР АІЖК 91 бабына, Сот сараптамалық қызмет туралы Заңға және әр сот сараптамасының түрі бойынша әдістемелік талаптарға сәйкес жасалғандығын тексеру қажеттілігін тапсырма ретінде ұсынып отырмыз.

Оқу әдістемесі студенттердің сарапшының қорытындысын талдау тапсырмасымен аяқталады. Барлық аталған тапсырмаларды жазбаша орындау дұрысырақ, өйткені процесуалды құжаттарды дайындаудың дағдыларын меңгеру қажет.

Авторлар ұжымы осы кітапты шығаруға еңбегін сіңірген рецензенттерге үлкен ризашылығын білдіреді.

20

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе ....................................................................................................................3

1-тақырып. Қолжазбатану сараптамасы ..................................................5
2-тақырып. Құжаттардың сот-техникалық сараптамасы
(құжаттардың техника-криминалистикалық сараптамасы) ................. 18
3-тақырып. Трасологиялық сараптама .................................................... 35
4-тақырып. Сот-баллистикалық сараптама ........................................... 53
5-тақырып. Заттар мен материалдардың
криминалистік сараптамасы ..................................................................... 70
5 а-тақырып. Есірткі заттардың, дәрі-дәрмектердің,
олардың криминалистік сараптамасы ....................................................... 86
6-тақырып. Сот-автотехникалық сараптама ........................................... 89
7-тақырып. Өрт-техникалық сараптама..................................................... 98
8-тақырып. Сот-бухгалтерлік және
қаржы-экономикалық сараптама ........................................................... 103
СӨЖ тақырыптары .................................................................................. 109
9-тақырып. Сот-т уарлық сараптама ..................................................... 109
10-тақырып. Сот-технологиялық сараптама .......................................... 113
11-тақырып. Сот-құрылыстық сараптама.................................................. 116
12-тақырып. Сот-лингвистикалық сараптама
(сот-автортану сараптамасы) .................................................................... 120
13-тақырып. Фоноскопиялық сараптама ................................................. 124
14-тақырып. Суық қарудың криминалистикалық сараптамасы ........ 128
15-тақырып. Сот сараптамасын тағайындау (қаулыларды және
өзге де құжаттарды құрастыру) ............................................................... 132
16-тақырып. Сот сараптамасын тағайындау қаулыларды және
ұйғарымдарды анализдеу .......................................................................... 140
17-тақырып. Сарапшының қорытындысы (әдістемелік нұсқау) ........ 159
18-тақырып. Сарапшының қорытындысын бағалау ........................... 185

Әдебиеттер................................................................................................... 202